

Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 109 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 720 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.27 № 720 Қаулысымен

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: Z100291** қараңыз

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

қоса беріліп отырған Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат беру ережесі бекітілсін.

Ескерту. Екінші абзацқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жыл 27 қаңтардағы
N 109 қаулысымен

бекітілген

Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат беру ережесі

Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс

салуға, сондай-ақ олар орналасқан жерлерде пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға, мұндай алаңдарда құрылысты тиімді салу мен пайдалы қазбалар қорын толық өндіру мақсатында рұқсат беру тәртібін белгілейді.

Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдар деп жердің немесе су бетінің астында пайдалы қазбалар табылған бөлігі ұғынылады.

Осы Ережеде қолданылатын анықтамалар мен терминдер оларға "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында берілгендей мағынаны білдіреді. Z100291 қ а р а ң ы з

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Ереже пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес қалаларды және басқа да елді мекендерді, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын , ғимараттар мен құрылыстарды жобалауды, салуды, қайта жаңартуды жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салу, сондай-ақ олар жатқан орындарда жер асты құрылыстарын орналастыру уәкілетті органдардың: жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі, өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау және тау-кенді қадағалау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылыс салудың экономикалық орындылығы дәлелденген жағдайда жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға және пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) пайдалы қазбалар қорының бекітілгендігіне қарамастан, белгіленген тәртіппен ресімделеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. Елді мекендерді, өнеркәсіптік кешендерді және басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның болашақ құрылыс учаскелері астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқтығы немесе оның болмашы екендігі туралы қорытындысын алғаннан кейін ғана рұқсат беріледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (

қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

6. Рұқсаттарды ресімдеу:

- көзделіп отырған құрылыс алаңының астында пайдалы қазбалар болмаған жағдайда ;

- елді мекен ішіндегі немесе құрылыстың Бас жоспары бекіткен аумақтар шегіндегі объектілер салу кезінде талап етілмейді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

8. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарын орналастыруға: жер қойнауын пайдалы қазбалар қорларын алу мүмкіндігін; пайдалы қазбалар немесе тау-кен орындарын су басудан, суланудан, өрттен және оның құрылысына байланысты пайдалы қазбалардың сапасын және кен орындарының өндірістік құндылығын төмендететін басқа да факторлардан сақтауды ;

ұйымдардың құрылыс және технологиялық жабдықтау объектілерін салып жатқан аумақтарда тау-кен жұмыстарының зиянды әсерлерінен сақтауды; ғылыми, мәдени және өзге де айрықша құны бар аумақтардың учаскелерін сақтауды қамтамасыз еткен жағдайларда жол беріледі.

Радиоактивті пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда жалпы азаматтық объектілерді салуға жол берілмейді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

9. Радиоактивті пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда өндірістік объектілерді салу кезінде тиісті ұйымдармен келісілетін радиациялық қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар әзірленуге тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

10. Пайдалы қазбалар немесе минералды шикізат алу көзі болып табылатын ішкі теңіз, көл және басқа да су, тұз шөгінділер акваторияларындағы құрылыс үшін рұқсат уәкілетті органда ресімделуге тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

11. Уәкілетті органның жер бетін қозғау процесінің аяқталуы туралы қорытындысы және жер қойнауын пайдаланушының жабылмаған тау-кен орындарының және қуыстарының жоқ екендігі туралы берген анықтамасы болмаса, пайдаланылған пайдалы кен орындарының және жер асты

ғимараттарының үстіне жер бетінде құрылыс объектілерін салуға жол берілмейді

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

12. Рұқсаттарды басқа заңды және жеке тұлғаларға, соның ішіне шетелдіктерге беру, олардың ведомстволық бағыныштылығына және меншік нысанына қарамастан уәкілетті органның жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

13. Рұқсат:

қабаттар, рудалар және шөгінділердің орналасқан жағдайларында, құрылыс салуға рұқсат етілген алаң астындағы пайдалы қазбалардың қасиеті мен сапалық сипаттамасында елеулі өзгерістер табылғанда;

пайдалы қазбалар кен орындарының мерзімі, жүйесінің бағыты мен игеру әдістерінің өзгеруі, егер бұл өзгерістер құрылыс жағдайларының алдын ала көзделмеген нашарлауын тудыратын жағдайларда уәкілетті органның, жер қойнауын пайдаланушының немесе құрылысты жүзеге асыратын ұйымның бастамасы бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

14. Уәкілетті органның берген рұқсаты: құрылыс салуға рұқсат берілген шарттар сақталмаған; құрылыс салуға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен пайдалы қазбалардың қорлары мен олардың сапасын сақтау талаптары сақталмаған; табиғатты қорғау заңдары және жер қойнауы жөніндегі нормативті құжаттардың талаптары орындалмаған жағдайларда күшін жоюы мүмкін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат берудің тәртібі

Ескерту. II бөлім тақырыбының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

15. Рұқсат алу үшін құрылыс салуға мүдделі заңды және жеке тұлғалар уәкілетті органға өтініш пен тау-кен-геологиялық негіздемесінің қосымшасының бір данасын жібереді. Тау-кен-геологиялық негіздемесін құрылыс салуға мүдделі

заңды және жеке ұйымдардың өтініштері бойынша, олардың есебінен, жобалау ұйымы әзірлейді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

16. Өтініште заңды тұлғаның аты немесе рұқсат сұраушы жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты, оның ведомстволық қатыстылығы, мекен-жайы, кен орнының атауы, географиялық координаттардағы құрылыс объектісінің орналасатын жері көрсетіледі.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

17. Уәкілетті орган берілген рұқсаттарды есепке алуды және тіркеуді жүргізеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

18. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңда құрылыс объектісін немесе олар орналасқан жерлердегі пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын салуды жүзеге асыратын ұйым құрылыс аяқталғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы ұйымға және салынған объектіні пайдаланушы ұйымға; салынған объектілердің жоспарын, бұрыштық нүкте координаттарымен; пайдаланудағы құрылыс объектілері әдістерінің және рұқсат берілген жобаға және шарттарға сәйкес барлық құрылыс нормаларын орындау актілерінің көшірмесін береді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

19. Мемлекеттік меншік нысанындағы объектілерге рұқсат беруді уәкілетті орган тегін, ал жеке меншік нысанындағы объектілер үшін - уәкілетті орган белгілеген тәртіпте жүргізеді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салудың тау-кен-геологиялық негіздемелерінің мазмұны

Ескерту. III бөлім тақырыбының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

20. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда көзделіп отырған құрылыс салуды немесе олар орналасқан жерлерде пайдалы қазбаларды өндіруге

байланысты емес жер асты құрылыстарының тау-кен-геологиялық негіздемесі мынадай құжаттардан тұруға тиіс:

а) мыналарды қамтыған түсіндірме жазбадан: тау-кен-геологиялық негіздемені әзірлеген жобалау ұйымының аты; құрылыс объектісінің аты, мекен-жайы, не мақсатқа арналғандығы, объекті қандай ұйым үшін салынады, қандай пайдалы қазбалар орналасқан алаңда және қандай кәсіпорын аумағында салу көзделіп отыр; құрылыс салынатын алаңның қысқаша сипаттамасы және өлшемі; аталған объектінің құрылысына арналған жобалық құжаттаманы әзірлейтін ж о б а л а у ұ й ы м ы н ы ң а т ы ;

ауданның қысқаша геологиялық сипаттамасы (геологиялық құрылымы, орынның тереңдігі, негізгі кен және олармен бірге орналасқан пайдалы қазбалардың құрылысы, қордың саны мен сапасы), гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық жағдайлар;

пайдалы қазбалар алаңдарындағы құрылыс объектілерін орналастыру негіздемесі, олардың орналасу алаңына құрылыс салумен байланысты пайдалы қазбалардың күтілетін зиянынан келетін экономикалық шығын есебін қоса е с е п т е г е н д е ;

б) қорлардың саны мен сапасы туралы, көзделіп отырған құрылыс салынатын алаң астындағы негізгі компоненттерінің және олармен бірге пайдалы қазбалардың зерттелу дәрежесі туралы уәкілетті органның қорытындысының к ө ш і р м е с і ;

в) құрылыс салу көзделген алаңның астында орналасқан пайдалы қазбаларды жер қойнауын пайдаланушының есебі, онда тау-кен жұмыстарын дамыту болашағы күтілетін шығын немесе пайдалы қазбалар қорын сақтаудың көлемі, сондай-ақ жер бетін қозғау мүмкін болатын процестер туралы мәліметтер к е л т і р і л у і т и і с ;

г) техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігіндегі Қазақстан Республикасының жұмыстарды қауіпсіз жүргізу және тау-кен бақылау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының қорытындыларының көшірмелері;

д) мыналардан тұратын графикалық бөлік: кәсіпорындардың көзделіп отырған құрылыс салу алаңының топографиялық жоспарының немесе негізгі жоспардың көшірмесінен, елді мекендердің құрылыс салуға іргелес аумақтарымен тау-кен-геологиялық жағдайларының элементтерін, қолданылып жүрген және жобаланған құрылыс салу контурлары, құрылыс салу объектілеріне тау-кен өндірулерінің зиянды әсерінің аймақ шекарасы. Жоспар көшірмесінің бос бөлігінде тіркеу жазбасы мен Х.Ү координаты көзделіп отырған құрылыс салу алаңынан бұрыштық нүктелері үшін орын қалдырылады; геологиялық карталардан пайдалы қазбалардың құрылыс салу көзделген

алаңдағы жер астындағы орындардан барлық қабаттардың, жарықтардың және басқа да шөгінділердің гисометриялық жоспарларының көшірмесі, осы орын бойынша геологиялық кеніштердің көшірмелері (мұнай және газ кен орындары үшін құрылымдық карталар және кескіндер).

Түсіндірме жазба және графикалық құжаттамаға құрылыс салудың тау-кен-геологиялық негіздемесін әзірлеуші ұйымның басшысы қол қояды, қол м ө р м е н б е к і т і л е д і .

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салудың белгіленген тәртібінің орындалуына бақылау жасау

Ескерту. IV бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді- ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

21. Пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда өз бетімен құрылыс салу жұмсалған шығындарды және келісім-шарт аумағының жерлерін қалпына келтіруге және салынған объектілерді қайта бұзуға кеткен шығындарды өтеусіз тоқтатылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

22. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

23. Осы Ереженің талаптарын сақтауға мемлекеттік бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

24. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

25. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

26. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі
Құрылыс салу алаңының астында Пайдалы қазбалар жоқ екендігін
қуәландыратын АКТ

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі
Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға Рұқсат беруді
куәландыратын АКТ

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі
Пайдалы қазбалар орналасқан жерлерде Пайдалы қазбаларды өндірумен
байланысты емес жер асты объектілерін орналастыруға Рұқсат беруді
к у ә л а н д ы р а т ы н А К Т

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4-ҚОСЫМША

Пайдалы қазбалар орналасқан алаңдарда құрылыс салуға немесе Пайдалы
қазбалар орналасқан жерлерде жерасты объектілерін салуға берілген
Р ұ қ с а т т а р д ы т і р к е у
КІТАБЫ

Ескерту. 4-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.29 N 800 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.